

**«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
2022 жылғы 2 наурыз № 241 бұйрығымен бекітілген
өзгерістерімен және толықтыруларымен
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына сәйкес дайындалған
шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандары

*2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысымен*

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мен бекіту бойынша басшылықтың жауапкершілігі туралы мәлімдеме

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

№ 1 Нысан – Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс1-2

№ 2 Нысан – Пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп3-4

№ 4 Нысан – Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп5-7

№ 5 Нысан – Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....8-13

Шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына ескертпелер 14-48

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мен бекіту бойынша басшылықтың жауапкершілігі туралы мәлімдеме

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мен бекіту бойынша «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басшылықтың жауапкершілігі туралы мәлімдеме

Төменде келтірілген мәлімдеме аудит жөніндегі тәуелсіз аудиторлардың есебінде келтірілген аудиторлардың міндеттемелері сипаттамасымен бірге қаралуы тиіс және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания» немесе «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлардың жауапкершілігінен Компания басшылығының жауапкершілігін ажырату мақсатында жасалған.

Компания басшылығы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ аталған күнмен аяқталған жыл үшін оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражаттарының қозғалысын және меншікті капиталдағы өзгерістерді барлық елеулі аспектілерде шынайы бейнелейтін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға жауапты болып табылады. Бұл есептілік Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 2 наурыздағы №241 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса (бұдан әрі – Бұйрық) дайындалған Қаржылық есептілік нысандарына сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық келесі үшін жауапты:

- Есеп саясаты қағидаттарын дұрыс таңдау және қолдануды қамтамасыз ету;
- Есеп саясатына қатысты мәліметтерді қоса алғанда, ақпаратты маңыздылық, сенімділік, салыстырмалылық және түсініктілік қағидаттарына сәйкес ұсыну;
- Кейбір мәмілелердің, оқиғалардың немесе шарттардың Топтың қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне ықпалын пайдаланушылар дұрыс түсінуі үшін ХҚЕС талаптары жеткіліксіз болған жағдайда қосымша ақпаратты ашу;
- Топтың болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сондай-ақ келесі үшін жауапты:

- Топта тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Топтың қаржылық жағдайы туралы кез келген уақытта жеткілікті дәрежеде дәл ақпаратты ұсынуға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау және қаржылық есептіліктің басшылық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Топ активтерін қорғау және құқық бұзушылықтар мен өзге де теріс пайдаланушылықтарды анықтау мен алдын алу шараларын өз құзыреті шегінде қабылдау.

Осы Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігі 2025 жылғы 30 сәуірде жариялауға бекітілді.

Басқарма Төрағасы

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры – Бас бухгалтер





Астана қ., Z10H9E3
Қазақстан Республикасы
Сарыарқа даңғылы, 6
«Арман» БО, 317 кеңсе
Тел.: + 7 717 2792 586

Республика Казахстан
г. Астана, Z10H9E3 пр.
Сарыарқа, 6
БЦ «Арман», офис 317
Тел.: + 7 717 2792 586

6 Saryarka ave.
BC Arman, office 317
Astana, Z10H9E3
Republic of Kazakhstan
Tel.: + 7 717 2792 586

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ның Акционері мен Басқармасына

Пікір

Біз «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымының (бұдан әрі – «Топ») 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дайындалған жылдық қаржылық есептілігінің шоғырландырылған нысандарына аудит жүргіздік. Аудитке келесі есептілік нысандары енгізілді: шоғырландырылған бухгалтерлік баланс (№1-Б), шоғырландырылған пайда мен залал туралы есеп (№2-ПЗЕ), шоғырландырылған ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (№3- АҚҚ-Ж), шоғырландырылған меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп (№5-КӨ), сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттарына қысқаша шолу берілген түсіндірме жазбалар.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған Топтың жылдық қаржылық есептілігінің нысандары барлық елеулі аспектілер бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығымен (2022 жылғы 2 наурыздағы №241 өзгерістерімен) бекітілген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін арналған жылдық қаржылық есептілік нысандарының форматына сәйкес әзірленген.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аудиторлық есептегі «Жылдық қаржылық есептілік нысандарына аудит жүргізу бойынша аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде осы стандарттар шеңберіндегі біздің міндеттеріміз сипатталған. Біз Топқа қатысты Халықаралық бухгалтерлер этикасы кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес және Қазақстан Республикасында жылдық қаржылық есептілік нысандарына аудит жүргізуге қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес тәуелсізбіз және осы талаптар мен СМСЭБ Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерді орындадық. Біздің ойымызша, алынған аудиторлық дәлелдемелер пікір білдіруге жеткілікті және тиісті негіз болып табылады.

Маңызды мән-жайлар – дайындалу негізі

Біздің назарларыңызды жылдық қаржылық есептілік нысандарына берілген Ескертпе 2-де баяндалған ақпаратқа аударамыз. Аталған ескертпеде есептілік нысандарының дайындалу негізі көрсетілген. Жылдық қаржылық есептілік нысандары Топтың №404 Бұйрық талаптарын сақтау мақсатында дайындалған. Осыған байланысты, бұл нысандар өзге мақсаттарда қолдануға жарамсыз болуы мүмкін. Бұл жағдай біздің пікірімізді өзгертуге негіз бола алмайды.

Басқа ақпарат

Топ 2024 жылға арналған қаржылық есептіліктің толық жинағын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындаған, және осы есептілікке қатысты біз 2025 жылғы 30 сәуірде Топтың Акционеріне және Басқармасына Аудиторлық есеп тапсырдық.



Қаржылық есептілік үшін Басшылықтың жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындау мен оның шынайы және әділ көрінісін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ, алаяқтық әрекеттерге немесе қателіктерге байланысты елеулі бұрмаланулар болмауын қамтамасыз ету мақсатында қажетті деп есептелетін ішкі бақылау жүйесін енгізу үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, үздіксіз қызмет ету қағидатына қатысты тиісті ақпаратты ашуға, және есептілікті осы қағидатқа сүйене отырып дайындауға жауапты, егер Топты тарату немесе оның қызметін тоқтату туралы ниет болмаса және басқа шынайы балама әрекет болмаса.

Жылдық қаржылық есептілік нысандары үшін басшылық пен корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық жылдық қаржылық есептілік нысандарын №404 Бұйрыққа сәйкес дайындау мен олардың шынайы көрінісін қамтамасыз етуге, сондай-ақ алаяқтық әрекеттерге немесе қателіктерге байланысты елеулі бұрмаланулардың болмауы үшін қажетті деп есептелетін ішкі бақылау жүйесін енгізуге жауапты.

Қаржылық есептілік нысандарын дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, үздіксіз қызмет ету қағидатына қатысты тиісті ақпаратты ашуға, сондай-ақ есептілікті осы қағидатқа сүйене отырып дайындауға жауапты, егер Топты тарату немесе оның қызметін тоқтату туралы ниет болмаса және басқа шынайы балама әрекет болмаса. Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың жылдық қаржылық есептілік нысандарын дайындау процесіне бақылау жүргізу үшін жауапты.

Аудитордың жылдық қаржылық есептілік нысандарына аудит жүргізудегі жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз – жылдық қаржылық есептілік нысандары алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтынына қатысты ақылға қонымды сенімділік алу және өз пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды ұсыну. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділік, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің барлық елеулі бұрмалануларды міндетті түрде анықтайтынына кепілдік емес.

Бұрмаланулар алаяқтық немесе қателіктер нәтижесінде туындауы мүмкін және егер олар жеке немесе жинақталған түрде пайдаланушылардың осы есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне ықпал етуі мүмкін болса, елеулі деп есептеледі.

Аудит барысында біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес кәсіби пайым қолданамыз және кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз:

- жылдық қаржылық есептілік нысандарында алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмалану қаупін айқындаймыз және бағалаймыз; бұл тәуекелдерге жауап ретінде тиісті аудиттік рәсімдерді әзірлеп, орындаймыз; пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиттік дәлелдемелерді жинаймыз. Алаяқтық нәтижесінде бұрмалануды анықтамау тәуекелі, қателікке қарағанда жоғары, себебі алаяқтыққа сөз байласу, жалған мәліметтер енгізу, әдейі өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттері кіруі мүмкін;

- аудиттің жағдайларына сәйкес аудит рәсімдерін әзірлеу мақсатында Топтың ішкі бақылау жүйесін түсінеміз, алайда бұл ретте ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне баға беру мақсат етілмейді;
- басшылық тарапынан қолданылған есеп саясатының орынды сипатын, бухгалтерлік бағалаулардың және оларға қатысты ақпаратты ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет қағидатын қолдануының дұрыстығы туралы қорытынды жасаймыз, сондай-ақ алынған аудиттік дәлелдемелер негізінде Топтың қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән келтіретін оқиғалар немесе жағдайлар бар-жоғына қатысты елеулі белгісіздік бар ма деген мәселе бойынша қорытынды жасаймыз. Егер біз мұндай елеулі белгісіздіктің бар екендігін анықтасақ, онда аудиторлық қорытындыда қаржылық есептілікте тиісті ақпараттың ашылуына назар аударамыз немесе егер мұндай ақпараттың ашылуы жеткіліксіз деп танылса, онда өз пікірімізді өзгертуіміз мүмкін. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін;
- жылдық қаржылық есептілік нысандарының тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғалардың шынайы көрінісін қамтамасыз ететіндей деңгейде көрсетілгендігін бағалаймыз;
- топ шеңберіндегі ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе қызметіне қатысты жеткілікті және тиісті аудиттік дәлелдемелер жинаймыз және шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін жауаптымыз. Біз аудитті жоспарлау, бақылау және жүргізу бойынша жауапкершілікке ие боламыз және біздің аудиторлық пікіріміз үшін толық жауап береміз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық іс-қимылды жүзеге асырамыз, атап айтқанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша маңызды мәселелер, соның ішінде аудит барысында анықталған ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы ақпаратты жеткіземіз.


 Салтанат Тюлибаева
 Директор
 ЖШС «TGS Saryarqa»



Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті, 2020 жылғы 7 қазанда берген, №20014819 мемлекеттік лицензиясы

Қазақстан Республикасы Астана қ., Z10H9E3
 Сарыарқа даңғылы, 6, БО «Арман», 305 кеңсе

30 сәуір 2025 жыл


 Салтанат Тюлибаева
 Аудитор



Аудитордың 2019 жылғы 4 мамырдағы
 №МФ-0000793 біліктілік куәлігі

№ 1 НЫСАН – ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

Шоғырландырылған бухгалтерлік баланс

есепті кезең 2024 жыл

Индексі: № 1 – Б (баланс)

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынындар: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей

Ұйымның атауы: «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

Мың теңгемен

Активтер	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
I. Қысқа мерзімді активтер:			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	10	120.479.109	43.516.564
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қысқа мерзімді қаржы активтері	11		
Қысқа мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	12		
Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	13		
Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары	14		
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	15	8.145.736	802.038
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	16	123.465.158	70.030.987
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	17		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер	18		
Ағымдағы табыс салығы	19	415.115	119.733
Қорлар	20	7.682.514	5.499.463
Биологиялық активтер	21		
Өзге де қысқа мерзімді активтер	22	135.622.785	94.306.490
Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010-022 аралығындағы жолдардың сомасы)	100	395.810.417	214.275.275
Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар)	101	5.121.098	3.899.635
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер	110	242.162	238.616
Ұзақ мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	111		
Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	112		
Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары	113		
Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар	114		
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар	115		
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	116		
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	117	1.204.918.354	694.223.623
Жалдау бойынша ұзақ қысқа мерзімді дебиторлық берешек	118		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер	119		
Инвестициялық мүлік	120		
Негізгі құралдар	121	12.098.480	13.122.483
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	122	23.299.010	10.846.671
Биологиялық активтер	123		
Барлау және бағалау активтері	124		
Материалдық емес активтер	125	17.141	10.179
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	126		
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	127	247.852.675	355.594.359
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110-127 аралығындағы жолдардың сомасы)	200	1.488.427.822	1.074.035.931
Баланс (100-жол + 101-жол + 200-жол)		1.889.359.337	1.292.210.841

№ 1 НЫСАН – ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС (жалғасы)

Мың теңгемен

Міндеттеме және капитал	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	210	106.033.556	77.577.136
Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	211		
Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары	212		
Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	213	221.485	344.380
Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	214	112.195.959	46.700.545
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	215	4.360.292	2.231.885
Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері	216	–	56.876
Қызметкерлерге сыйақылар	217		
Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек	218		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	219	57.568.555	72.488.171
Мемлекеттік субсидиялар	220		
Төленетін дивидендтер	221		
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	222	46.573.614	26.598.350
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210-222 аралығындағы жолдардың сомасы)	300	326.953.461	225.997.343
Сатуға арналған істен шыққан топтардың міндеттемелері	301		
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	310	1.297.088.347	860.453.687
Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	311		
Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары	312		
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	313		
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	314	21.203.902	20.020.648
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	315		
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	316	5.578.101	1.838.976
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	317		
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек	318		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	319	8.225.718	27.488.840
Мемлекеттік субсидиялар	320		
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	321	217.948.039	184.986.088
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (310-321 аралығындағы жолдың сомасы)	400	1.550.044.107	1.094.788.239
V. Капитал			
Жарғылық (акционерлік) капитал	410	27.763.849	27.763.849
Эмиссиялық кіріс	411		
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	412		
Өзге жиынтық табыстың құрауыштары	413	636	636
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	414	(15.402.716)	(56.339.226)
Өзге капитал	415		
Меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410- 415 аралығындағы жолдардың сомасы)	420	12.361.769	(28.574.741)
Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі	421		
Капиталдың барлығы (420-жол + 421-жол)	500	12.361.769	(28.574.741)
Баланс (300-жол + 301-жол + 400-жол + 500-жол)		1.889.359.337	1.292.210.841

Басқарма Төрағасы

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры – Бас бухгалтер



№ 2 НЫСАН – ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**Пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп**

есепті кезең 2024 жыл

Индекс: № 2 – ПЗЕ

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынындар: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей

Ұйымның атауы: «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

Мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім	10	75.815.763	39.361.508
Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	11	(73.268.277)	(36.791.219)
Жалпы пайда (залал) (010-жол – 011-жол)	12	2.547.486	2.570.289
Сату бойынша шығыстар	13		
Әкімшілік шығыстар	14	(4.278.372)	(2.248.148)
Операциялық пайда жиыны (залал) (+/- 012-014 аралығындағы жолдар)	20	(1.730.886)	322.141
Қаржылық кірістері	21	99.308.743	65.261.371
Қаржылық шығыстары	22	(50.951.378)	(43.314.496)
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі	23		
Өзге кірістер	24	1.515.817	812.605
Өзге шығыстар	25	(2.865.944)	(4.319.568)
Салық салғанға дейінгі пайда (залал) (+/- 020-025 аралығындағы жолдар)	100	45.276.352	18.762.053
Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер +))	101	(4.339.842)	1.105.816
Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (залал) (100-жол + 101-жол)	200	40.936.510	19.867.869
Салық салғаннан кейін тоқтатылған қызметтен түсетін пайда (залал)	201		
Мыналарға қатысты бір жылғы пайда (200-жол + 201-жол):	300	40.936.510	19.867.869
негізгі ұйымның меншік иелері			
бақыламайтын меншік иелерінің үлесі			
Өзге де жиынтық табыс, барлығы (420 және 440 сома):	400	–	–
оның ішінде:			
өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған борыш қаржылық құралдарды қайта бағалау	410		
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі	411		
мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығы мөлшерлемесін өзгеру әсері	412		
ақша ағындарын хеджирлеу	413		
шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	414		
шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу	415		
өзге жиынтық табыстың өзге де құрауыштары	416		
пайда (залал) құрамында қайта жіктеу кезіндегі түзету	417		
өзге де жиынтық табыс құрауыштарының салықтық әсері	418		
Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергендегі) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктелген өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (410-418 аралығындағы жолдардың сомасы)	420	–	–
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау	431		
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі	432		

№ 2 НЫСАН – ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	433		
өзге де жиынтық табыс құрауыштарының салықтық әсері	434		
өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған үлестік қаржылық құралдарды қайта бағалау	435		
Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергенде) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (431-435 аралығындағы жолдардың сомасы)	440	—	—
Жалпы жиынтық табыс (300-жол + 400-жол)	500	40.936.510	19.867.869
Мыналарға тиесілі жалпы жиынтық табыс:			
негізгі ұйымның меншік иелері			
бақыламайтын меншік иелерінің үлесі			
Акцияға арналған пайда:	600		
оның ішінде:			
Акцияға арналған базалық пайда:			
жалғасатын қызметтен			
тоқтатылған қызметтен			
Акцияға арналған ажыратылған пайда:			
жалғасатын қызметтен			
тоқтатылған қызметтен			

Басқарма Төрағасы



Иманов Д.С.

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры – Бас бухгалтер

Медсубаева Г.К.

№ 4 НЫСАН – АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жанама әдіс бойынша)**Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (жанама әдіс)**

есепті кезең 2024 жыл

Индексі: № 4 – АҚК-Ж

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынындар: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей

Ұйымның атауы: «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

Мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
I. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы			
салық салынғанға дейінгі пайда (залал)	10	45.276.352	18.762.053
негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы мен құнсыздануы	11	4.193.017	1.401.829
гудвилдің құнсыздануы	12		
сауда және өзге дебиторлық берешектің құнсыздануы	13	1.910.693	3.410.919
сатуға арналған шығындарды шегере отырып, әділ құнына дейін сатуға арналған активтердің (немесе шығарылатын топтың) құнын есептен шығару	14		
негізгі құралдарды шығарудан залал (пайда)	15	1.535	1.882
инвестициялық мүліктен залал (пайда)	16		
қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуден залал (пайда)	17		
пайда мен залал туралы есеп арқылы түзетумен әділ құны бойынша көрсетілетін өзге қаржы активтерінен залал (пайда)	18		
қаржыландыру бойынша шығыстар (кірістер)	19	(145.309)	(1.428.264)
қызметкерлерге сыйақылар	20		
үлестік құралдарымен сыйақылар бойынша шығыстар	21		
кейінге қалдырылған салықтар бойынша кіріс (шығыс)	22		
іске асырылмаған оң (теріс) бағамдық айырма	23	(48.212.056)	(20.449.646)
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі	24		
жалпы жиынтық кірістің (залалдың) өзге ақшалай емес операциялық түзетулері	25		
Жалпы жиынтық кірісті (залалды) түзету жиыны, барлығы (+/- 011-025 аралығындағы жолдар)	30	(42.252.120)	(17.063.280)
қорлардағы өзгерістер	31	(2.195.954)	(1.885.768)
резервтің өзгерістері	32	–	–
сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер	33	(221.805.688)	(40.241.045)
сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер	34	137.596.830	98.518.698
салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектегі өзгерістер	35	–	–
өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгерістер	36	42.454.559	9.484.450
Операциялық активтер мен міндеттемелер қозғалысының жиыны, барлығы (+/- 031-ден 036 аралығындағы жолдар)	40	(43.950.253)	65.876.335
төленген сыйақылар	41	(43.505.962)	(38.194.141)
алынған сыйақылар	42	3.274.768	4.748.328
төленген табыс салығы	43	(896.099)	(241.509)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010-жол +/- 030-жол +/- 040-жол +/- 041-жол +/- 042-жол +/- 043-жол)	50	(82.053.314)	33.887.786
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (061-072 аралығындағы	60	–	1.726.951

№ 4 НЫСАН – АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жанама әдіс бойынша) (жалғасы)

Мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
жолдардың сомасы)			
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сату	61		
материалдық емес активтерді сату	62		
басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату	63		
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлесін сату	64		
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сату	65		
еншілес ұйымдарға бақылауды жоғалтқан кезде сату	66		
ақша салымдарын алып қою	67		
өзге де қаржы активтерін сату	68		
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	69		
алынған дивидендтер	70		
алынған сыйақылар	71		
өзге түсімдер	72	-	1.726.951
2. Ақша қаражатының шығарылуы, барлығы (081-092 аралығындағы жолдардың сомасы)	80	1.023.274	2.758.864
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сатып алу	81	1.023.274	2.758.864
материалдық емес активтерді сатып алу	82		
басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	83		
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлестерін сатып алу	84		
басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сатып алу	85		
еншілес ұйымдарға бақылауды сатып алу	86		
ақша салымдарын орналастыру	87		
өзге қаржы активтерін сатып алу	88		
қарыздар беру	89		
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	90		
қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар	91		
өзге төлемдер	92		
3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (060-жол – 080-жол)	100	(1.023.274)	(1.031.913)
III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (111-114 аралығындағы жолдардың сомасы)	110	237.180.204	17.978.447
оның ішінде:			
акциялардың және басқа қаржы құралдарының эмиссиясы	111		
қарыздар алу	112	237.180.204	17.978.447
алынған сыйақылар	113		
өзге түсімдер	114		
2. Ақша қаражатының шығарылуы, барлығы (121- 125 аралығындағы жолдардың сомасы)	120	83.575.015	49.417.768
оның ішінде:			
қарыздарды өтеу	121	68.467.844	46.413.266
сыйақы төлеу	122		
дивидендтерді төлеу	123		
ұйымдардың акциялары бойынша меншік иелеріне төлемдер	124		
өзге де шығарулар	125	15.107.171	3.004.502
3. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы (110-жол – 120-жол)	130	153.605.189	(31.439.321)
4. Валюта айырбастау бағамының теңгеге әсері	140	6.433.944	(68.917)
5. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының баланстық құнындағы өзгерістер әсері	150		
6. Ақша қаражатының ұлғаюы +/- азаюы (050-жол +/- 100-жол +/- 130-жол +/- 140-жол +/- 150-жол)	160	76.962.545	1.347.635

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандары

№ 4 НЫСАН – АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(жанама әдіс бойынша) (жалғасы)

Мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
7. Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	170	43.516.564	42.168.929
8. Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	180	120.479.109	43.516.564

Басқарма Төрағасы



Иманашев Д.С.

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры – Бас бухгалтер

Медеубаева Г.К.

№ 5 НЫСАН – КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп**

есепті кезең 2024 жыл

Индексі: № - 5-КӨ

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынылатындар: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар

Қайда ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Ұсыну мерзімі: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей

Ұйымның атауы: «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

Мың теңгемен

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Бас ұйымның капиталы						Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Өзге де жиынтық кірістің құрауыштары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
Алдыңғы жылдың 1 қаңтарына сальдо	10	2.342.779	–	–	–	(67.091.878)	636	–	(64.748.463)
Есептік саясаттағы өзгеріс	11								–
Қайта есептелген сальдо (010-жол +/- 011-жол)	100	2.342.779	–	–	–	(67.091.878)	636	–	(64.748.463)
Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (210-жол + 220-жол):	200	–	–	–	–	19.867.869	–	–	19.867.869
Бір жылдағы пайда (залал)	210					19.867.869			19.867.869
Өзге жиынтық кіріс, барлығы (221-229 аралығындағы жолдардың сомасы):	220	–	–	–	–	–	–	–	–
оның ішінде:									–
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	221								–
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	222								–
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	223								–

№ 4 НЫСАН – КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Бас ұйымның капиталы						Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Өзге де жиынтық кірістің құрауыштары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірістегі (шығындағы) үлесі	224								—
зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	225								—
кейінге қалдырылған салыққа табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістің әсері	226								—
ақша ағындарын (салық тиімділігін шегергенде) хеджирлеу	227								—
шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	228								—
шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	229								—
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310-318 аралығындағы жолдардың сомасы):	300	25.421.070	—	—	—	(9.115.217)	636	—	16.305.853
оның ішінде:									—
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы	310								—
оның ішінде:									—
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны									—
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасы бойынша акциялар шығару									—
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда									—
Меншік иелерінің жарналары	311								—
Өз үлестік құралдарын (акцияларын) шығару	312								—
Бизнесті біріктіруге байланысты үлестік құралдарды шығару	313	25.421.070				(9.115.217)			16.305.853
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін шегергенде)	314								—

№ 4 НЫСАН – КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Бас ұйымның капиталы						Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Өзге де жиынтық кірістің құрауыштары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
Дивидендтерді төлеу	315								–
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	316								–
Меншік иелерімен өзге де операциялар	317								–
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер	318								–
Өзге де операциялар	319								–
Есепті жылдың 1 қаңтарына сальдо (100-жол + 200-жол + 300-жол+319-жол)	400	27.763.849	–	–	–	(56.339.226)	636	–	(28.574.741)
Есептік саясаттағы өзгеріс	401								–
Қайта есептелген сальдо (400-жол +/- 401-жол)	500	27.763.849	–	–	–	(56.339.226)	636	–	(28.574.741)
Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (610-жол + 620-жол):	600	–	–	–	–	40.936.510	–	–	40.936.510
Бір жылғы пайда (залал)	610					40.936.510			40.936.510
Прочий совокупный доход, всего (сумма строк с 621 по 629):	620	–	–	–	–	–	–	–	–
оның ішінде:									–
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	621								–
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	622								–
негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	623								–
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірістегі (шығындағы) үлесі	624								–

№ 4 НЫСАН – КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Бас ұйымның капиталы						Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Өзге де жиынтық кірістің құрауыштары	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал		
зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	625								—
мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығының мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиімділігі	626								—
ақша ағындарын (салық тиімділігін алып тастағанда) хеджирлеу	627								—
шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	628								—
шетел ұйымдарына таза инвестициялар бойынша бағамдық айырма	629								—
меншік иелерімен операциялар, барлығы (710-718 аралығындағы жолдардың сомасы)	700	—	—	—	—	—	—	—	—
оның ішінде:									—
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру	710								—
оның ішінде:									—
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны									—
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасы бойынша акциялар шығару									—
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда									—
Меншік иелерінің жарналары	711								—
Өз үлестік құралдарын (акцияларын) шығару	712								—
Бизнесті біріктіруге байланысты үлестік құралдар шығару	713								—
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін алып тастағанда)	714								—
Дивидендтерді төлеу	715								—
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	716								—
Меншік иелерімен өзге де операциялар	717								—

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандары

№ 4 НЫСАН – КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен

	Жол коды	Бас ұйымның капиталы				Өзге де капитал	Бөлінбеген пайда	Өзге капитал	Бақыланбай тын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерл ік) капитал	Эмиссиял ық кіріс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Өзге де жиынтық кірістің құрауышта ры					
Құрауыштардың атауы										
Бақылауды жоғалтуға өкел соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер	718									—
Өзге де операциялар	719									—
Есепті жылдың 31 желтоқсанына сальдо (500-жол + 600-жол + 700-жол+719 жол)	800	27.763.849	—	—	—	(15.402.716)	636	—	—	12.361.769

Басқарма Төрағасы

Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің директоры – Бас бухгалтер



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР**2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазАвтоЖол» ҰК» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 ақпандағы №79 ««Қазақавтодор» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорны «Қазақавтодор-Көкшетау» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды. Компанияның бастапқы мемлекеттік тіркелген күні – 2013 жылғы 9 наурыз.

Компанияның акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – «ҚР ҚМЖК» немесе «Жалғыз акционер») болып табылады.

Компанияның 100% мемлекеттік акциялар пакеті иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитетіне (бұдан әрі – «ҚР КМАЖТ») тиісті қабылдап-тапсыру актісі негізінде берілген.

2023 жылғы 17 сәуірде Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі №670 «Республикалық меншікке қатысты кейбір мәселелер туралы» қаулысына, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 13 наурыздағы №90/23 шешіміне және Комитеттің 2023 жылғы 20 наурыздағы №283 бұйрығына сәйкес, ҚР КМАЖТ -дан «КАЖсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін өз меншігіне қабылдады (бұдан әрі – бірлесіп «Топ» деп аталады).

Топтың жарғысына сәйкес, негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады:

- халықаралық және республикалық маңыздағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары желісін дамытуға бағытталған бюджеттік инвестициялық жобаларды мемлекеттік тапсырма негізінде іске асыру;
- мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде халықаралық және республикалық маңыздағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын жобалауды, салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді және ұстауды ұйымдастыру;
- мемлекеттік тапсырманы іске асыруды ұйымдастыру шеңберінде халықаралық және республикалық маңыздағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу және ұстау барысына және сапасына бақылау жасау;
- ақылы автомобиль жолдарын сенімгерлік басқару;
- ақылы автомобиль жолында көлік құралдарының кедергісіз және қауіпсіз жүруіне тосқауыл келтіретін ақауларды жою;
- ақылы автомобиль жолдары арқылы жүру үшін ақы жинау.

Топтың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Өндіріс шағынауданы, Өндіріс көшесі, 72/1-үй.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару 2025 жылғы 30 сәуірде Топ басшылығымен мақұлданды.

Сенімгерлік басқару шарты

2013 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (ҚР ҚМЖК), Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті (ҚР КМАЖТ) және Топ арасында республикалық маңыздағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының келесі учаскелері бойынша ақы алу негізінде бірқатар сенімгерлік басқару шарттары («СБШ») жасалды: «Астана–Щучинск», «Астана–Теміртау», «Астана–Капшағай», «Алматы–Қорғас», «Орал–РФ шекарасы (Саратов бағыты)», «Орал–РФ шекарасы (Самара бағыты)», «Шымкент–Өзбекстан шекарасы (Ташкент бағыты)», «Ақтөбе–РФ шекарасы (Орынбор бағыты)», «Қызылорда–Шымкент», «Шымкент–Тараз», «Қарабұтақ–Қызылорда», «Щучинск–Көкшетау–Петропавл», «Атырау–Бейнеу–Өзбекстан шекарасы», «Астана–Қостанай–РФ шекарасы (Троицк бағыты)», «Астана–Павлодар», «Капшағай–Талдықорған», «Тараз–Қайнар», «Павлодар–РФ шекарасы (Омбы бағыты)», «Павлодар–Семей–Қалбатау», «Ақтөбе–Орал», «Ақтау–Бейнеу».

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)****Сенімгерлік басқару шарты (жалғасы)***«233-бағдарламасы»*

ҚР ҚМЖК, ҚР КМАЖТ және Топ арасында республикалық маңыздағы автомобиль жолдарын қайта жаңарту бойынша мемлекеттік тапсырманы орындау мақсатында «233-бағдарламасына» кіретін жол учаскелері бойынша қосымша СБШ жасалған. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «233-бағдарламасы» аясындағы республикалық маңыздағы жол учаскелері келесі кестеде ұсынылған.

Жол учаскенің атауы	Қаржыландыру баскөзі	Валюта	Несиелік желінің жалпы сомасы
«Құрты-Бұрылбайтал»	Еуропа қайта құру және даму банкі		
«Қызылорда-Жезқазған»	(осыдан әрі – «ЕҚҚДБ»)	АҚШ доллар	189.000
	«ЕҚҚДБ»	Теңге	96.918.422
«Қалбатау-Майқапшағай»	Қытай Экспорт-импорт банкі (осыдан әрі – «Қытай ЭКСИМ Банкі»)	АҚШ доллар	511.075
«Талдықорған-Қалбатау-Өскемен»	«Қытай ЭКСИМ Банкі»	АҚШ доллар	936.425
«Меркі-Бұрылбайтал»	«Қытай ЭКСИМ Банкі»	АҚШ доллар	253.246
«Астана қ айналма»	«Қытай ЭКСИМ Банкі»	АҚШ доллар	216.409
«Қарағанды-Балқаш»	«Қытай ЭКСИМ Банкі»	АҚШ доллар	727.212
«Атырау-Астрахань»	«ЕҚҚДБ»	Теңге	103.790.233
«Қапшағай-Құрты»	«ЕҚҚДБ»	Теңге	34.479.731
«Ақтөбе-Қандыағаш» «Атырау-Астрахань» «Қапшағай-Құрты»	Еуразиялық даму банкі (осыдан әрі – «ЕДБ»)	АҚШ доллар	200.000
«Талдықорған-Қалбатау-Өскемен»			

«003-бағдарламасы» және «091-бағдарламасы»

Жолдардың сапасын жақсарту мақсатында олардың жөндеуі мен күтімін ұйымдастыру бойынша жұмыстар

ҚР КМАЖТ мен Топ арасында жүзеге асырылады.

- «БРК» – 2024 жылғы жаңа шарттар (жалпы несие желісінің сомасы 1 000 мың АҚШ долларын құрайды.)

«240-бағдарламасы»

ҚР КМАЖТ мен Топ арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өту пункттерін салу және қайта жаңарту бойынша жасалған келісімдер.

Консорциум

2019 жылғы 24 желтоқсанда Топ пен келесі Консорциум құрамында: «Computer Vision Technologies» ЖШС, «Теміржол Жөндеу» ЖШС және «FAR EASTERN ELECTRONIC TOLL COLLECTION CO., LTD.» компаниясы арасында республикалық маңыздағы автомобиль жолдары бойынша жүріп өткен үшін ақы алу жүйесін орнату және қызмет көрсету бойынша 11 жыл мерзімге шарт жасалды. Шарттың жалпы сомасы ҚҚС-сыз 138.777.010 мың теңгені құрады, оның ішінде: күрделі жұмыстар құны – 25.688.029 мың теңге, сервистік қызметтер құны – 113.108.981 мың теңге. Инвестицияларды өтеу тек ақы алу жүйесі арқылы түскен қаражат есебінен жоспарланған және әрбір жол учаскесі бойынша бөлек есеп жүргізіледі. Егер ақы алу жүйесінен түскен қаражат жеткіліксіз болса, төлемге жетпейтін сома келесі есепті кезеңге ауыстырылып, қаражат жеткілікті болған жағдайда төленеді.

Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Топ өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Осыған байланысты Топ Қазақстан Республикасының нарықтарында дамушы нарықтарға тән сипаттамалары бар экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Нормативтік-құқықтық база мен салық заңнамасы әлі де жетілдірілуде, алайда оларды түрліше түсіндіруге мүмкіндік бар және жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл құқықтық және фискалдық жүйелердің басқа да кемшіліктерімен бірге Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туындатады. Осы қаржылық есептілік Топтың қызметі мен қаржылық жағдайына қолданыстағы шаруашылық қызмет жүргізу жағдайларының ықтимал әсерін басшылықтың бағалауын көрсетеді. Шаруашылық қызмет жүргізу жағдайларының болашақтағы дамуы басшылықтың қазіргі бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)**Сыртқы саяси жағдай**

Соңғы уақытта Ресей мен Украина төңірегіндегі тұрақсыз геосаяси жағдай Қазақстандағы экономикалық белгісіздіктің деңгейін одан әрі арттырды.

2022 жылғы ақпанда Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа байланысты бірқатар елдер Ресей Федерациясына қарсы санкциялар енгізді. Бұл қақтығыстың әсері тек екі елдің экономикалық белсенділігіне ғана емес, сонымен қатар жаһандық экономикаға да ықпал етуде. Санкциялар енгізілуінің салдарынан әлемнің көптеген елдерінде шикізат пен азық-түлік тауарларының бағасы өсті, ресурстар жеткізілімі арасындағы бұрынғы байланыстар бұзылды, бағаға инфляциялық қысым байқалуда, сондай-ақ сарапшылар әлемдік өнеркәсіп үшін экономикалық салдар болатынын болжауда. Топ басшылығы ағымдағы жағдайдың дамуын қадағалап, Топтың жақын арадағы тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті деп есептейтін шараларды қабылдауда. Сонымен қатар, басшылық аталған оқиғалардың Топ қызметіне және қаржылық жағдайына әсерін бағалауды жалғастыруда.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Компанияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі «ХҚЕС жөніндегі кеңес» бекіткен редакциядағы Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (бұдан әрі «ХҚЕС») сәйкес дайындаған.

Осы қаржылық есептілік есеп саясатында және осы қаржылық есептілікке Ескертпелерде ашылған операцияларды қоспағанда, бастапқы күн негізінде дайындалды. Арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, осы қаржылық есептіліктегі барлық мәндер мыңға дейін дөңгелектелген.

Шетел валютасын қайта есептеу

Қаржылық есептілік теңгемен ұсынылған, ол Топ функционалдық валютасы болып табылады.

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жасалған күнгі айырбас бағамы бойынша функционалдық валютада танылады. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнгі қолданыстағы айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Барлық айырмашылықтар пайда және залал туралы есепте көрсетіледі.

Тарихи құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күнгі айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамы ретінде Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі – «KASE») белгілеген орташа өлшенген айырбас бағамдары пайдаланылады.

Шетел валютасы

Компаниядағы шетел валютасындағы операциялар осы операциялар жүргізілген күнгі айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі.

Есепті күнгі шетел валютасындағы монетарлық активтер мен міндеттемелер сол күнгі айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Монетарлық баптар бойынша оң немесе теріс бағамдық айырма – бұл есепті кезеңнің басындағы баптың функционалдық валютадағы амортизацияланған құны (тиісті тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздарды және есепті кезеңдегі төлемдерді ескере отырып) мен осы баптың есепті кезең соңындағы шетел валютасында қайта есептелген амортизацияланған құны арасындағы айырма болып табылады.

Әділ күн бойынша бағаланатын шетел валютасындағы беймонетарлық активтер мен міндеттемелер сол күнгі айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Тарихи күн бойынша бағаланатын беймонетарлық баптар бастапқы операция күні қолданылған бағам бойынша қайта есептеледі.

Қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмалар есепті кезеңдегі пайда немесе залал құрамында танылады, алайда сатуға арналған қаржылық активтер ретінде жіктелетін меншікті капитал құралдарына қатысты қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар басқа жиынтық кірісте танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау негізі**

Компанияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі «ХҚЕС жөніндегі кеңес» бекіткен редакциядағы Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (бұдан әрі «ХҚЕС») сәйкес дайындаған.

Осы қаржылық есептілік есеп саясатында және осы қаржылық есептілікке Ескертпелерде ашылған операцияларды қоспағанда, бастапқы күн негізінде дайындалды. Арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, осы қаржылық есептіліктегі барлық мәндер мыңға дейін дөңгелектелген.

Шоғырландыру негізі*Ортақ бақылаудағы бизнес біріктіруі*

Ортақ бақылаудағы бизнес біріктіруі жағдайында қосылатын кәсіпорынның есепке алынуы осы кәсіпорынның біріктіру күніне арналған активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны бойынша жүзеге асырылады. Егер сатып алынған кәсіпорын үшін қандай да бір өтеу төленсе, онда бұл өтеудің сомасы мен таза активтердің баланстық құны арасындағы айырма тікелей капиталда танылады. Бұл ретте, мұндай біріктіру алдында да, кейін де жалпы бақылау сақталуға тиіс.

Еншілес кәсіпорын

Еншілес кәсіпорын – бұл Топ бақылайтын кәсіпорын. Топ қандай да бір инвестициялық объектіге қатысу нәтижесінде өзгермелі табыс алу тәуекеліне ұшыраса немесе мұндай табыс алуға құқылы болса және сол табыстың көлеміне ықпал ету мақсатында сол кәсіпорынға қатысты өкілеттіктерді пайдалана алса, онда Топ бұл кәсіпорынды бақылайды деп есептеледі.

Топ еншілес кәсіпорынның пайдасы мен залалын оны сатып алу күнінен бастап шоғырландыруда таниды.

Консолидация кезінде алып тасталатын операциялар

Топ ішіндегі қалдықтар, сондай-ақ Топ ішіндегі операциялардан алынған іске асырылмаған кірістер мен шығыстар жойылады (элиминацияланады).

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Топ 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын есепті жылдарға күшіне енген кейбір стандарттар мен түзетулерді алғаш рет қолданды (егер басқаша көрсетілмесе). Топ әлі күшіне енген, бірақ шығарылған стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

IFRS 16-ға түзетулер – «Кері жалға алу операциясы шеңберіндегі жалдау міндеттемесі»

IFRS 16-ға енгізілген түзетулер сатушы-жалдаушы кері жалға алу операциясы нәтижесінде туындайтын жалдау міндеттемесін бағалау кезінде қолданатын талаптарды нақтылайды. Бұл сатушы-жалдаушының өзінде сақталатын пайдалану құқығына қатысты кез келген пайда немесе залал сомаларын тануын болдырмау үшін жасалды.

Аталған түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

IAS 1-ге түзетулер – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»

IAS 1-ге енгізілген түзетулер міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу талаптарын нақтылайды. Бұл түзетулерде келесілер түсіндіріледі, міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы нені білдіреді? Осы құқық есепті кезеңнің соңында болуы керек.

Топтың міндеттемені кейінге қалдыру құқығын жүзеге асыру ықтималдығы міндеттемелерді жіктеуге әсер етпейді.

Міндеттеменің жіктелуіне тек конверттелетін міндеттемеге енгізілген туынды құрал өзі үлестік құрал болып табылған жағдайда ғана шарттар әсер етпейді.

Сонымен қатар, егер міндеттеме несиелік келісім бойынша туындаса және оның ұзақ мерзімді ретінде жіктелуі ұйымның келесі он екі ай ішінде белгілі бір қаржылық талаптарды сақтауына байланысты болса, ақпаратты ашу талап етіледі.

Бұл түзету Топтың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

ХҚЕС (IAS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 7-ге енгізілген түзетулер – «Жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдер»

ХҚЕС (IAS) 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» стандарттарына енгізілген түзетулер жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамаларын сипаттайды және мұндай келісімдер бойынша қосымша ақпаратты ашу талаптарын қамтиды. Ақпаратты ашу талаптары қаржылық есептілікті пайдаланушыларға жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің ұйымның міндеттемелеріне, ақша қаражаттарының қозғалысына және өтімділік тәуекеліне ұшырау деңгейіне әсерін түсінуге көмектесуге бағытталған.

Аталған түзетулер Топтың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың қаржылық есептілігі шығарылған күнге дейін жарияланған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер және түсіндірмелер берілген. Топ осы стандарттарды, түзетулерді және түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануды жоспарлап отыр.

IAS 21-ге түзетулер – «Айырбастау мүмкіндігінің шектеулі болуы»

2023 жылғы тамызда ХҚЕС кеңесі IAS 21 «Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері» стандартына түзетулер енгізді. Бұл түзетулер компания валютаны айырбастау мүмкіндігін қалай бағалауы және айырбас мүмкіндігі болмаған жағдайда спот бағамын қалай анықтауы керектігін нақтылайды.

Сонымен қатар, қаржылық есептілік пайдаланушыларына айырбастауға жатпайтын валютаның компанияның қаржылық нәтижелеріне, қаржылық жағдайына және ақша ағындарына қалай әсер ететінін немесе қалай әсер етуі мүмкін екенін түсінуге көмектесетін ақпаратты ашу талаптары енгізілді.

Бұл түзетулер 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Ерте қолдануға рұқсат етіледі, бірақ бұл туралы ақпарат ашылуы қажет.

Топ бұл түзетулердің қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтеді.

IFRS 18 – «Қаржылық есептілікті ұсыну және ақпаратты ашу»

2024 жылғы сәуірде ХҚЕС кеңесі IFRS 18 стандартын шығарды, ол IAS 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» стандартын алмастырады.

IFRS 18 пайда мен залал туралы есепті ұсынуудың жаңа талаптарын енгізеді. Оған қорытынды және аралық қорытындыларды көрсету, сондай-ақ барлық кірістер мен шығыстарды бес санатқа бөлу кіреді: операциялық, инвестициялық, қаржылық, пайдаға салынатын салықтар, қызметі тоқтатылған бөлімшелер, айтылып кеткен бірінші үш санат, жаңалау болып табылады.

Стандарт сондай-ақ басшылық анықтайтын жаңа тиімділік көрсеткіштерін, аралық қорытындыларды, қаржылық ақпаратты жинақтау және бөлшектеу талаптарын белгілейді.

Сонымен қатар, IAS 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» стандартында операциялық ақша ағындарын анықтау әдісіне өзгерістер енгізілді. Енді операциялық ақша ағындарының бастапқы нүктесі «пайда немесе залалдан» «операциялық пайда немесе залалға» ауыстырылды. Сондай-ақ, дивидендтер мен пайыздық төлемдерге қатысты ақша ағындарын жіктеу мүмкіндігі жойылды.

IFRS 18 және басқа стандарттарға енгізілген түзетулер 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Бірақ ерте қолдануға рұқсат етіледі, бұл туралы ақпарат ашылуы керек. IFRS 18 ретроспективті түрде қолданылады.

Қазіргі уақытта Топ бұл түзетулердің негізгі қаржылық есептілікке және оған қосымшаларға қандай әсер ететінін анықтауда.

IFRS 19 – «Қоғамдық есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу»

2024 жылғы мамырда ХҚЕС кеңесі IFRS 19 стандартын шығарды. Бұл стандарт оған сәйкес келетін компанияларға ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды жеңілдетуге мүмкіндік береді, алайда басқа ХҚЕС стандарттарындағы мойындау, бағалау және ұсыну талаптарын орындауды талап етеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)*****IFRS 19 – «Қоғамдық есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу»(жалғасы)***

Стандартты қолдану құқығына ие болу үшін компания келесі шарттарға сай болуы керек: IFRS 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» стандартында анықталған еншілес компания болуы тиіс, қоғамдық есептілікті ұсыну міндеті болмауы тиіс, оның түпкілікті немесе аралық бас компаниясы ХҚЕС талаптарына сәйкес жасалған және көпшілікке қолжетімді шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауы тиіс.

IFRS 19 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Стандартты ерте қолдануға рұқсат етіледі.

Бұл өзгерістер Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Топ оларды қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жіктеу негізінде активтер мен міндеттемелерді ұсынады.

Қысқа мерзімді актив болып табылады, егер:

- оны сату ұйғарылса немесе ол әдеттегі операциялық цикл шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталады;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай шегінде сату ұйғарылса; немесе
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі ай ішінде қолданылатын міндеттемелерді айырбастауға немесе өтеу үшін пайдалануға шектеулер бар жағдайларды қоспағанда, ақша қаражаты немесе ақша қаражатының баламасы болып табылады.

Барлық өзге активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде реттеу болжанса;
- ол көбінесе сауда мақсаттары үшін қолданылса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде реттеуге жатса; немесе
- ұйымда міндеттеменің реттелуін есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы жоқ. Топ барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және бар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегергендегі бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Негізгі құралдардың құны сатып алу немесе құрылыс бағасынан, қарыздар бойынша шығындардан, ұзақ мерзімді құрылыс объектілері жағдайында, егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, активті жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болған жағдайда, активті пайдаланудан шығару құнының бастапқы бағасынан тұрады. Сатып алу бағасы немесе құрылыс құны - бұл активті сатып алу үшін төленген өтемақы мен басқа сыйақының әділ құнының сомасы. Бұл құн жабдықтың бөліктерін ауыстыру құнын да қамтиды. Негізгі құралдардың маңызды құрауыштарын ауыстыру қажет болған кезде белгілі бір уақыт аралығынан кейін Топ осындай құрауыштарды оларға сәйкес келетін пайдалы пайдалану мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде таниды және оларды тиісті түрде амортизациялайды. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған барлық басқа шығындар келтірілген сәттегі жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Негізгі құралдардың амортизациясы төменде келтірілген пайдалы қызмет мерзімі ішінде тік сызықты әдіспен есептеледі:

Ғимараттар мен құрылыстар	20-45 жыл
Машиналар	7-30 жыл
Жабдықтар	2-30 жыл
Көлік құралдары	5-24 жыл
Компьютерлер мен компьютерлік жабдықтар	5-8 жыл
Кеңсе жиһазы және басқа негізгі құралдар	2-10 жыл

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Негізгі құралдар (жалғасы)**

Негізгі құралдардың пайдалы қызметінің болжамды мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және қажет болған жағдайда мерзімдердегі өзгерістер келесі кезеңдерде түзетіледі.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ағымдағы құнның өтелетін болып табылмайтынын көрсететін мән-жайларда қандай да бір оқиғалар немесе өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қаралады.

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың елеулі құрамдауышын тануды тоқтату олар шығарылған кезде немесе болашақта осы активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (істен шығудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелген) активті тану тоқтатылған есепті жылдағы жиынтық кіріс туралы есепке енгізіледі.

Қаржы емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күні Топ өзінің материалдық және материалдық емес активтерінің баланстық құнын құнсыздану белгілерінің бар-жоғына тексереді. Құнсыздану белгілері анықталған жағдайда, басқарма активтің өтелетін сомасын бағалайды, ол активтің әділетті құны (өткізуге кеткен шығындар шегерілгеннен кейінгі) мен пайдалану құнының ең үлкені ретінде айқындалады. Баланстық құн өтелетін сомаға дейін азайтылады және құнсызданудан болған залал кірістер мен шығыстар құрамында танылады. Бұрынғы жылдары актив бойынша танылған құнсыздану залалы, егер пайдалану құнын немесе өткізуге кеткен шығындар шегерілген әділетті құнды айқындау үшін қолданылған есептік бағалаулар өзгерген болса, бұрын танылған құнсыздану залалдарының сомасы шегінде қалпына келтірілуі мүмкін.

Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейінгі бағалау

Бір ұйымда қаржы активінің және басқа ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың туындауына әкеп соғатын кез келген шарт қаржы құралы болып табылады.

Қаржылық активтер***Бастапқы тану және бағалау***

Дебиторлық берешек алғаш рет ол туындаған сәтте танылады. Қаржы құралдары болып табылатын барлық басқа активтер мен міндеттемелер алғаш рет Топ осындай құралдарды қамтитын шарттық қатынастарға енген кезде танылады. Қаржылық актив (егер ол елеулі қаржыландыру компонентін қамтымайтын дебиторлық берешек болмаса) немесе қаржылық міндеттеме бастапқыда әділетті құны бойынша бағаланады, ал әділетті құн арқылы кірістер немесе шығыстар арқылы есепке алынбайтын актив немесе міндеттеме үшін – оған тікелей байланысты мәміле шығындарының сомасы қосылады. Елеулі қаржыландыру компонентін қамтымайтын дебиторлық берешек бастапқыда мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Кейінгі бағалау

Қаржылық актив алғаш рет танылған кезде келесі санаттардың біріне жіктеледі: амортизациялық құн бойынша бағаланатын, әділ құн бойынша басқа жиынтық табыс арқылы бағаланатын (қарыз құралдары үшін), әділ құн бойынша басқа жиынтық табыс арқылы бағаланатын (үлестік құралдар үшін) немесе пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде.

Қаржылық активтер бастапқы танудан кейін қайта сыныпталады тек Топ қаржылық активтерді басқару бизнес-моделін өзгерткен жағдайда, және мұндай қайта сыныптау бизнес-модель өзгергеннен кейінгі бірінші есептік кезеңнің бірінші күнінен бастап қолданылады.

Қаржылық актив амортизациялық құн бойынша бағаланады, егер ол келесі екі шарттың екеуіне де сәйкес келсе және Топтың қалауы бойынша әділ құн бойынша (пайда немесе зиян арқылы) бағаланатын болып жіктелмесе:

- ол активтерді шартқа сәйкес ақша ағындарын алу үшін ұстау мақсатындағы бизнес-модель аясында ұсталады; және
- оның шарттық талаптары белгіленген мерзімдерде негізгі соманы және оның өтелмеген бөлігінен есептелген пайыздарды төлеуді көздейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейінгі бағалау (жалғасы)*****Қаржылық активтер (жалғасы)******Қаржылық активтер – бизнес-модельді бағалау***

Топ актив ұсталатын бизнес-модельдің мақсатын қаржылық құралдар портфелі деңгейінде бағалайды, себебі бұл тәсіл бизнесті басқару тәсілін және басшылыққа ұсынылатын ақпаратты жақсырақ көрсетеді. Бұл бағалау кезінде келесі мәліметтер ескеріледі:

- осы портфель үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар және олардың іс жүзінде қалай орындалатыны. Бұл, мысалы, шарттық пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелер құрылымын сақтау, активтерді қаржыландыру үшін қолданылатын міндеттемелердің немесе ақша қаражаттарының күтілетін ағындарының мерзімдерін сәйкестендіруге, немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын іске асыруға бағытталған стратегияны қамтиды.
- портфельдің нәтижелілігі қалай бағаланатыны және бұл ақпарат Топ басшылығына қалай жеткізілетіні.
- осы бизнес-модельдің (және бұл модель аясында ұсталатын қаржылық активтердің) нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер және бұл тәуекелдер қалай басқарылады.
- портфельді басқаруға жауапты менеджерлерді ынталандыру жүйесі (мысалы, бұл ынталандыру активтердің әділ құнына немесе шартқа сәйкес ақша ағындарына тәуелді ме).
- бұрынғы кезеңдерде қаржылық активтер қаншалықты жиі, қандай көлемде және қандай мерзімде сатылғаны, бұл сатулардың себептері және болашақта сату деңгейіне қатысты күтулер.

Үшінші тараптарға қаржылық активтерді беру, егер олар тануды тоқтату критерийлеріне сәйкес келмейтін мәмілелер болса, сату ретінде қарастырылмайды, және бұл жағдайда Топ аталған активтерді тануды жалғастырады.

Қаржылық активтер – шартта көзделген ақша ағындарының тек негізгі сома мен пайыздарды төлеу болып табылатындығын бағалау

Осы бағалаудың мақсатында «негізгі сома» – бұл қаржылық активтің бастапқы тану кезіндегі әділ құны ретінде анықталады. «Пайыздар» – бұл ақша құнының уақыттық құнына, негізгі соманың белгіленген уақыт ішінде өтелмеген бөлігіне қатысты кредиттік тәуекелге, сондай-ақ несиелеумен байланысты басқа негізгі тәуекелдер мен шығындарға (мысалы, өтімділік тәуекелі мен әкімшілік шығындар) өтемақы ретінде, және сонымен бірге пайда маржасын қамтиды.

Топ шартта көзделген ақша ағындарының тек негізгі сома мен осы сомаға есептелген пайыздар болып табылатындығын (SPPI критерийі) бағалау кезінде қаржылық құралдың шарттық талаптарын талдайды. Бұл бағалауға келесілер кіреді:

- ақша ағындарының мерзімдері мен сомаларын өзгертуі мүмкін шартты оқиғалар;
- шартта белгіленген купондық мөлшерлемені түзетуі мүмкін талаптар, оның ішінде ауыспалы мөлшерлеме шарттары;
- мерзімінен бұрын өтеу және мерзімді ұзарту талаптары;
- Топтың талап ету құқығын тек белгілі бір активтерден келетін ақша ағындарымен шектеу шарттары (мысалы, кері регресс құқығы жоқ қаржылық активтер).

Мерзімінен бұрын өтеу талабы SPPI критерийіне сәйкес келеді, егер өтеу кезінде төленетін сома негізінен өтелмеген негізгі сома мен оған есептелген пайыздардан тұратын болса және келісім мерзімінен бұрын тоқтатылғаны үшін ақылға қонымды өтемақыны қамтуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл талап критерийге сәйкес деп танылады, егер: қаржылық актив шартта белгіленген номиналды құнынан премиямен немесе дисконтпен сатып алынған немесе шығарылған болса, мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленетін сома – бұл шартта көрсетілген номиналдық сома мен есептелген (бірақ төленбеген) пайыздар, сондай-ақ ақылға қонымды өтемақыны қамтуы мүмкін, мерзімінен бұрын өтеу шартының әділ құны бастапқы тану кезінде елеусіз болса.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер – кейінгі бағалау және табыстар мен шығыстар

Бұл активтер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн құнсыздану шығынына азайтылады. Пайыздық кіріс, валюталық бағам айырмашылықтары және обесценение сомалары пайда немесе зиян құрамында танылады. Тануды тоқтату кезінде алынған кез келген пайда немесе шығын есепті кезеңдегі пайда немесе зиян ретінде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейінгі бағалау (жалғасы)*****Қаржылық активтер (жалғасы)****Тануды тоқтату*

Топ қаржылық актив бойынша шартта көзделген ақша ағындарын алу құқығын жоғалтқан кезде немесе мұндай ақша ағындарын алу құқығын басқа тарапқа дерлік барлық тәуекелдер мен пайдаларды беру арқылы берген кезде тануды тоқтатады. Егер Топ барлық тәуекелдер мен пайдаларды толықтай да, елеулі түрде де бермеген және сақтап қалмаған болса, бірақ қаржылық активті бақылауды жоғалтқан болса, тану тоқтатылады.

Егер Топ қаржылық активтерді беру мәмілесін жасап, бірақ меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайдалардың барлығын немесе басым бөлігін сақтап қалса, мұндай активтерді қаржылық есептілікте тану жалғасады.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Топ амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтерге байланысты күтілетін кредиттік шығындар (бұдан әрі – ККШ) бойынша бағалау резервтерін таниды.

ККШ толық мерзімге тең сомада есептеледі, келесі жағдайлардан басқа, олар үшін танылатын резерв тек 12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға тең:

- банк шоттары бойынша қалдықтар, егер бұл шоттарда кредиттік тәуекел бастапқы тану кезінен бастап елеулі түрде артпаған болса.

Дебиторлық және өзге де талаптар бойынша бағалау резервтері әрқашан толық мерзімдік ККШ сомасында есептеледі.

Кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артқанын бағалау және ККШ есептеу кезінде Топ дәлелді және расталатын, өзекті және оңай қолжетімді ақпаратты пайдаланады. Бұл мәліметтерге сандық және сапалық ақпарат, Топтың бұрынғы тәжірибесіне және болжауға негізделген бағалауларына сүйенген талдаулар кіреді.

Топ шарттарда көрсетілген төлеу мерзімімен салыстырғанда берешек айтарлықтай кешіктірілген жағдайда, кредиттік тәуекел елеулі түрде артты деп санайды.

Қаржылық актив дефолттық оқиға орын алды деп танылады, егер қарыз алушының барлық міндеттемелерін толық өтеуі екіталай болса және бұл үшін Топ кепілдік мүлкін сату сияқты шараларды қолдануға мәжбүр болса.

Егер қарыздық бағалы қағаздың кредиттік рейтингі Moody's агенттігі бойынша Baa3 немесе одан жоғары, немесе S&P агенттігі бойынша BBB- немесе одан жоғары болса, онда Топ оны төмен кредиттік тәуекелге ие деп есептейді.

ККШ толық мерзімге – бұл қаржылық құралдың болжалды мерзімі ішінде барлық ықтимал дефолт оқиғаларынан туындайтын күтілетін шығындар.

12 айлық ККШ – бұл есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде (немесе қаржылық құралдың мерзімі 12 айдан аз болса, осы қысқа мерзім ішінде) орын алуы мүмкін дефолт оқиғаларынан туындайтын ККШ. ККШ бағалау кезінде Топ шартта көрсетілген ең ұзақ мерзімді қарастырады, оның ішінде Топ кредиттік тәуекелге ұшырайды.

ККШ бағалау

Күтілетін кредиттік шығындар – бұл ықтималдықпен өлшенген есептік бағалау. Олар шартта көзделген ақша ағындары мен Топ күтуі мүмкін нақты ақша ағындарының айырмашылығы ретінде, барлық болашақ төленбейтін ақша ағындарының ағымдағы құны түрінде есептеледі. Дисконттау тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша жүргізіледі.

Кредиттік құнсызданған қаржылық активтер

Әр есепті күнге Топ амортизациялық құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтердің кредиттік құнсыздануға ұшырауын бағалайды. Қаржылық актив «кредиттік құнсызданған» болып саналады, егер ол бойынша болашақтағы ақша ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға орын алса.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейінгі бағалау (жалғасы)****Қаржылық активтер (жалғасы)***Кредиттік құнсызданған қаржылық активтер (жалғасы)*

Қаржылық активтің кредиттік құнсызданғанын растайтын бақылауға болатын деректерға мыналар жатады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиындықтарға тап болуы;
- шарт талаптарының бұзылуы, мысалы, 180 күннен астам мерзімге төлемнің кешіктірілуі немесе дефолт;
- Топтың несие немесе аванстық төлем шарттарын басқа жағдайларда қарастырмайтын қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкротқа ұшырау немесе қаржылық қайта ұйымдастыру ықтималдығының туындауы;
- немесе қаржылық қиындықтарға байланысты бағалы қағаздың белсенді нарығының жоғалуы.

Күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резервінің қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуі

Амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша залалға бағалау резервтері осы активтердің жалпы баланстық құнынан шегеріледі.

Шығару

Қаржылық активтің толық баланстық құны, егер Топтың ол бойынша ақшалай қаражатты толық немесе ішінара қайтару мүмкіндігіне негіз жоқ болса, есептен шығарылады. Кәсіпорындарға қатысты Топ қайтарым сомаларын негізді күтуге сүйене отырып, есептен шығару мерзімі мен сомасы бойынша жеке бағалау жүргізеді. Топ есептен шығарылған сома бойынша елеулі қайтарым күтпейді. Алайда, есептен шығарылған қаржылық активтер Топтың өтеу іс-шараларын сәйкес мәжбүрлеп орындау нысанасы бола беруі мүмкін.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелер амортизациялық құн бойынша немесе кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржылық міндеттеме кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде, егер ол сауда үшін арналған деп танылса, туынды құрал болса немесе ұйым оны бастапқы тану кезінде өз қалауымен осылай жіктесе, есепке алынады. Мұндай қаржылық міндеттемелер әділ құны бойынша бағаланады, ал кез келген кіріс немесе шығыс, соның ішінде пайыздық шығыстар таза түрде пайда немесе шығыс құрамында танылады. Қалған қаржылық міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, кейіннен амортизациялық құн бойынша бағаланады. Пайыздық шығыстар, сондай-ақ оң және теріс бағамдық айырмашылықтар пайда немесе шығыс құрамында танылады. Қаржылық міндеттемені тоқтату кезінде туындайтын кез келген кіріс немесе шығыс та пайда немесе шығыс ретінде танылады.

Тануды тоқтату

Топ қаржылық міндеттеме бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күшін жойған немесе тоқтатылған кезде оның тануын тоқтатады. Сондай-ақ, Топ қаржылық міндеттеме шарттары өзгеріп, ақша ағындарының мөлшері айтарлықтай өзгерсе, жаңа қаржылық міндеттеме ретінде әділ құны бойынша тану арқылы бұрынғы міндеттеменің тануын тоқтатады. Қаржылық міндеттемені танудан шығарған кезде өтелген баланстық құн мен төленген өтемақы арасындағы айырма (оның ішінде берілген заттай активтер немесе қабылданған міндеттемелер) пайда немесе шығыс ретінде танылады.

Қаржылық активтер

Егер қаржылық активтің шарттары өзгерсе, Топ мұндай өзгертілген актив бойынша ақша ағындарының елеулі өзгерген-өзгермегенін бағалайды. Егер ақша ағындары елеулі түрде өзгерсе («шарттардың елеулі түрде өзгертілуі»), онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартпен көзделген ақша ағындарына құқықтар тоқтатылған болып саналады. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активтің танылуы тоқтатылады және жаңа қаржылық актив әділ құны бойынша есепке алынады.

Топ бастапқы қаржылық актив бойынша ақша ағындары мен өзгертілген немесе оны алмастырған қаржылық актив бойынша ақша ағындарының айырмашылығына қарай шарттардың өзгертілуінің елеулілігіне сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Топ шарттардың өзгеруінің елеулілігіне қатысты сандық және сапалық факторларды, сондай-ақ олардың жиынтық әсерін талдау арқылы қорытынды жасайды. Егер ақша ағындары елеулі түрде өзгерсе, онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартпен көзделген ақша ағындарына құқықтар тоқтатылған болып есептеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің шарттарын өзгерту*****Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)******Қаржылық активтер (жалғасы)***

Бұл бағалау барысында Топ қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқаулықтарды аналогия бойынша қолданады. Топ келесі сапалық факторларға сүйене отырып, шарттардың елеулі түрде өзгертілгені туралы қорытынды жасайды:

- қаржылық активтің валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз етудің немесе актив сапасын арттыратын басқа құралдардың өзгеруі;
- қаржылық активтің шарттарының өзгеруі, нәтижесінде SPPI критерийіне сәйкес келмей қалуы (мысалы, конвертация шартының қосылуы).

Егер амортизациялық құн бойынша бағаланатын өзгертілген актив бойынша ақша ағындары елеулі түрде өзгермесе, мұндай өзгеріс қаржылық активтің танылуын тоқтатуға алып келмейді. Бұл жағдайда Топ қаржылық активтің валютадағы баланстық құнын қайта есептейді және осы түзету сомасын пайда немесе залал құрамында модификациядан болған кіріс немесе шығыс ретінде таниды. Валютадағы баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып дисконтталған, қайта қаралған немесе өзгертілген ақша ағындарының ағымдағы құны ретінде есептеледі. Шығындар мен комиссиялар өзгертілген қаржылық активтің баланстық құнын түзетеді және өзгертілген активтің қалған мерзімі ішінде амортизацияланады.

Қаржылық міндеттемелер

Егер қаржылық міндеттеменің шарттары өзгертіліп, нәтижесінде ақша ағындарының мөлшері елеулі түрде өзгерсе, Топ бұл міндеттемені танудан шығарады. Бұл жағдайда жаңа қаржылық міндеттеме өзгертілген шарттармен әділ құны бойынша есепке алынады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен жаңа қаржылық міндеттеменің әділ құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Егер шарттардың өзгеруі (немесе қаржылық міндеттемені ауыстыру) қаржылық міндеттемені танудан шығаруға әкелмесе, Топ мұндай өзгертілген (немесе ауыстырылған) қаржылық міндеттеме бойынша амортизациялық құндағы кез келген түзетуді шарттардың өзгертілген күніне байланысты пайда немесе залал құрамында таниды. Бұл тәсіл қаржылық активтердің шарттары өзгергенімен танылуы тоқтатылмаған жағдайлардағы валютадағы баланстық құнды түзетуге қатысты қолданылатын есеп саясатына сәйкес келеді.

Қолданыстағы қаржылық міндеттемелер бойынша ақша ағындарының мөлшерінің өзгеруі шарттардың модификациясы болып саналмайды, егер бұл өзгерістер шарттың ағымдағы талаптарының нәтижесі болса.

Топ шарттардың өзгеруінің елеулілігіне сандық және сапалық бағалау жүргізеді, яғни сапалық факторларды, сандық факторларды және олардың жиынтық әсерін талдайды. Топ шарттардың елеулі түрде өзгертілгені жөнінде мынадай сапалық факторларға сүйене отырып қорытынды жасайды:

- қаржылық міндеттеменің валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз етудің түрінің немесе міндеттеменің сапасын арттыратын басқа құралдардың өзгеруі;
- конвертация шартының енгізілуі;
- қаржылық міндеттеменің субординациясының өзгеруі.

Сандық бағалау мақсатында, егер жаңа шарттар бойынша ақша ағындарының ағымдағы құны (комиссиялық сыйақыларды шегере отырып), бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған бастапқы міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының ағымдағы құнынан кем дегенде 10%-ға айырмашылық көрсетсе, шарттар айтарлықтай өзгертілген деп есептеледі. Егер бір қарыздық құралды екіншісіне ауыстыру немесе оның шарттарын өзгерту есепте өтеу ретінде таныстырылса, онда жұмсалған шығындар мен комиссиялар сәйкес қарыз міндеттемесін өтеуден алынған пайда немесе шығын ретінде танылады. Егер мұндай ауыстыру немесе өзгеріс өтеу ретінде танылмаса, онда міндеттеменің баланстық құны жұмсалған шығындар немесе комиссиялар сомасына түзетіледі және бұл түзету өзгертілген міндеттеменің қалған мерзімі ішінде амортизацияланады.

Қаржылық құралдарды өзара есептеу

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынады және таза сома қаржылық жағдай туралы есепте танылады, егер:

- қазіргі уақытта танылған сома бойынша өзара есепке алу құқығы заңды түрде жүзеге асырылса;
- активтерді таза негізде сату немесе міндеттемелерді өтеу ниеті болса немесе бұл әрекеттер бір мезгілде жүзеге асырылса.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің шарттарын өзгерту (жалғасы)****Қаржылық құралдардың әділ құны**

Топ туынды құралдар сияқты қаржылық құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлік сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күнге әділ құн бойынша бағалайды.

Әділ құн — бұл активті сату немесе міндеттемені беру кезінде қалыпты нарықтық операция барысында нарық қатысушылары арасында бағаланатын сома. Әділ құнды бағалау мынадай нарықтар негізінде жүзеге асырылады:

- осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- егер негізгі нарық болмаса, актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым тиімді нарықта.

Топ негізгі немесе неғұрлым тиімді нарыққа қол жеткізе алуы тиіс.

Әділ құн нарық қатысушыларының мүддесін ескере отырып, активті немесе міндеттемені бағалауда олар пайдаланатын болжамдарға негізделеді.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау кезінде нарық қатысушысының активті барынша тиімді және өнімді пайдалану арқылы немесе активті өзге қатысушыға сату арқылы экономикалық тиімділік алу мүмкіндігі ескеріледі.

Топ осы мән-жайларда орынды болатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын және бұл ретте релевантты бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалануға және бақыланбайтын бастапқы деректерді пайдалануды барынша азайтуға мүмкіндік беретін бағалау модельдерін пайдаланады.

Әділ құны бойынша қаржылық есептілікте бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды тұтастай бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құнның төменде сипатталған иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей — ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардың баға белгіленімдері (түзетілмейтін).
- 2-деңгей — әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын бағалау модельдері.
- 3-деңгей — әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Қаржылық есептілікте қайталанатын негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер үшін Топ әрбір есепті кезеңнің соңында жіктеуді қайта бағалау арқылы иерархия деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды (тұтас әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі деректер негізінде).

Жалдау

Шарт жасалған сәтте Топ шарттың өзі немесе оның жекелеген компоненттері жалдау шарты болып табыла ма — соны бағалайды.

Шарт жалдау шарты болып табылады немесе жалдауға қатысты компонентті қамтиды, егер ол бойынша белгілі бір уақыт аралығында өтемақы төлеу есебінен сәйкестендірілген активті пайдалануға бақылау құқығы берілсе. Сәйкестендірілген активті пайдалану құқығы берілген-берілмегенін бағалау үшін Топ ХҚЕС (IFRS) 16-дағы анықтаманы қолданады.

Топ жалдаушы ретінде

Жалдауға қатысты компонентті қамтитын шарт күшіне енгенде немесе өзгертілгенде, Топ шартта қарастырылған өтемақыны әрбір жалдау компонентіне жеке мәміле құнына қатысты бөледі. Алайда кейбір жылжымайтын мүлік жалдау шарттарына қатысты Топ жалдау емес компоненттерді бөлмей, жалдау және жалдау емес компоненттерді біртұтас жалдау компоненті ретінде есепке алу шешімін қабылдады.

Топ жалдау басталған күні пайдалану құқығы түріндегі активті және жалдау бойынша міндеттемені таниды. Пайдалану құқығы түріндегі актив бастапқыда жалдау бойынша міндеттеменің бастапқы сомасына тең бағада бағаланады, оған жалдау басталған күнге дейін төленген жалдау төлемдері, тікелей бастапқы шығындар және активті бөлшектеу, көшіру және орналастырылған жер учаскесін қалпына келтіру бойынша болашақ шығындардың бағаланған сомасы қосылады, ал жалдау бойынша алынған ынталандырулар шегеріледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Жалдау (жалғасы)***Топ жалдаушы ретінде (жалғасы)*

Кейінгі есептеуде пайдалану құқығы түріндегі актив жалдау мерзімі ішінде, егер жалдау шартында негізгі активке меншік құқығы Топқа ауысады деп көрсетілмесе немесе егер активтің бастапқы құны Топтың сатып алу опционын іске асыруын көрсетпесе, түзу сызықты әдіспен амортизацияланады. Мұндай жағдайда актив негізгі құрал ретінде оның пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады. Сонымен қатар, пайдалану құқығы түріндегі активтің құны құнсыздану шығынына байланысты төмендетілуі мүмкін және жалдау міндеттемесі қайта бағаланған жағдайда түзетілуі мүмкін.

Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда жалдау басталған күнге дейін төленбеген жалдау төлемдерінің ағымдағы құны бойынша бағаланады. Бұл төлемдер жалдау шартында көрсетілген пайыздық мөлшерлеме бойынша, ал ол анықталмаса – Топтың қосымша қарыз тарту ставкасы бойынша дисконтталады. Әдетте, Топ дисконттау ставкасы ретінде өзінің қосымша қарыз тарту ставкасын пайдаланады.

Топ бұл ставканы сыртқы көздердегі пайыздық мөлшерлемелер негізінде және жалдау шарттары мен актив түрін ескере отырып анықтайды.

Жалдау міндеттемесін бағалауға кіретін төлемдерге мыналар жатады:

- тұрақты және іс жүзінде тұрақты жалдау төлемдері;
- индекс немесе мөлшерлемеге тәуелді өзгермелі төлемдер (бастапқыда жалдау басталған күнгі деректер негізінде);
- жалдаушы төлейді деп күтілетін қалдық құн кепілдігі;
- сатып алу опционын іске асыру құны, егер Топ бұл опционды іске асыратынына сенімділік болса, жалдау мерзімін ұзарту опционына байланысты жалдау төлемдері, егер Топ бұл опционды іске асырады деп сенімді болса, жалдауды мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда салынатын айыппұлдар, егер Топ жалдауды мерзімінен бұрын тоқтатпайтынына сенімді болмаса.

Жалдау міндеттемесі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы амортизациялық құн бойынша есептеледі. Ол мынадай жағдайларда қайта бағаланады: болашақ жалдау төлемдері индекс немесе мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты өзгерсе; қалдық құн кепілдігі бойынша төлем сомасына баға беру өзгерсе; Топ сатып алу, ұзарту немесе тоқтату опционын іске асыру туралы бағасын өзгертсе; жалдау төлемі іс жүзінде тұрақты болып қайта қаралса.

Міндеттеме қайта қаралған кезде, тиісті түзету пайдалану құқығы активінің баланстық құнына қолданылады немесе егер бұл актив бұрын нөлге дейін төмендетілген болса, пайда немесе шығын ретінде танылады.

Топ төмен құнды активтер мен қысқа мерзімді жалдау шарттарына (мысалы, кеңсе немесе ІТ жабдық жалдау) қатысты пайдалану құқығы активін және жалдау міндеттемесін танымайды. Мұндай шарттар бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде түзу сызықты әдіспен шығыс ретінде танылады.

Меншік иесіне беруге арналған активтер

Негізгі мақсаты – активті әрі қарай пайдалану емес, меншік иесіне бөлу болып табылатын айналымнан тыс активтер меншік иесіне беруге арналған активтер ретінде жіктеледі. Мұндай активтер баланстық құн мен өткізу шығындарын шегергендегі әділ құнның ең төменгісі бойынша бағаланады. Материалдық емес активтер мен негізгі құралдар меншік иесіне беруге арналған активтер ретінде жіктелген сәттен бастап амортизацияланбайды.

Берілген аванстар

Берілген аванстар қаржылық есепте бастапқы құн бойынша, құнсыздану резервін шегерумен көрсетіледі. Аванстар мердігерлермен жасалған шарттарға сәйкес ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Егер аванс берілген активтер, тауарлар немесе қызметтер алынбайды деген белгі болса, берілген аванстардың баланстық құны азайтылады және сәйкес құнсыздану шығыны пайда немесе шығын құрамында танылады.

Ақша және олардың баламалары, банктік депозиттер

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына банктердегі және кассадағы қолма-қол ақша және бастапқы өтеу мерзімі үш ай немесе одан аз қысқа мерзімді депозиттер жатады. Банктік депозиттерге бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын депозиттер жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Акционерлік капитал***Жай акциялар*

Жай акциялар мен акцияларға арналған опциондар меншікті капитал ретінде жіктеледі. Жай акциялар мен акция опциондарын шығарумен тікелей байланысты қосымша шығындар салық әсерін ескере отырып меншікті капиталдан шегеріледі.

Жарғылық капиталды (меншікті акцияларды) сатып алу, шығару және қайта орналастыру

Меншікті капитал ретінде танылған акциялар сатып алынған жағдайда, төленген өтемақы сомасы, соның ішінде сатып алуға тікелей байланысты барлық шығындар, салық әсерін шегере отырып капиталдан шегеріледі. Сатып алынған акциялар акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар ретінде жіктеледі және меншікті акциялар резерві құрамында көрсетіледі. Сатып алынған меншікті акцияларды кейіннен сату немесе қайта орналастыру нәтижесінде алынған сома капитал өсімі ретінде танылады, ал операциядан түскен пайда немесе зиян қосымша капитал құрамында көрсетіледі.

Қызметкерлерге сыйақылар*Қысқа мерзімді сыйақылар*

Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар бойынша міндеттемелер сомасын анықтау кезінде дисконттау қолданылмайды, ал тиісті шығындар қызметкерлер қызмет көрсеткен кезде танылады. Қолма-қол бонус төлеу немесе кіріске қатысу сияқты қысқа мерзімді жоспарлар шеңберінде төленуі тиіс сомалар бойынша, егер Топтың қызметкерлердің бұрын көрсеткен қызметінің нәтижесінде туындаған заңды немесе қалыптасқан тәжірибеге негізделген міндеттемесі болса және бұл міндеттеменің сомасын сенімді бағалауға болса, міндеттеме танылады.

Зейнетақы бойынша міндеттемелер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Топ қызметкерлердің жалақысының 10%-ын, бірақ 2024 жылы айына 425 000 теңгеден (2023 жылы: 350 000 теңге) аспайтын сомада, жинақтаушы зейнетақы қорларына аударады. Бұл төлемдер қызметкерлердің жалақысынан ұсталады және еңбекақыға байланысты басқа да аударымдармен бірге еңбекке ақы төлеу шығындарына енгізіледі және олар консолидирленген жиынтық табыс туралы есепте танылатын кезеңде есепке алынады. Топтың басқа зейнетақы төлемдері бойынша міндеттемелері жок.

Келешек кезеңдер шығындарын кейінге қалдырылған өтеу және келешек өтемақы бойынша кейінге қалдырылған кіріс

Келешек кезеңдер шығындарын кейінге қалдырылған өтеу алғаш танылған сәтте келешектегі ақша ағындарының ағымдағы құны ретінде есептеледі. Бұл құн Топ алған банктік несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемеге тең дисконттау мөлшерлемесін қолдану арқылы есептеледі және кейін амортизациялық құн бойынша есептеледі. Басшылықтың бағалауы бойынша қолданылатын мөлшерлеме тапсырыс берушіге тән кредиттік тәуекелді көрсетеді.

Келешек кезеңдер шығындарын кейінге қалдырылған өтеу мен сәйкес келешек өтемақы бойынша кейінге қалдырылған кіріс жүйелі түрде, банктік несиелер бойынша пайыздық шығындар танылған кезде, ҚР КМАЖТ өтейтін бөлігін өтемақы ретінде тану арқылы, пайда мен залал құрамында танылады.

Келешек өтемақы бойынша кейінге қалдырылған кірістің кейінгі азаюы қаржылық табыс ретінде пайда мен залал және жиынтық табыс туралы есепте танылады – бұл жыл ішіндегі банктік несие бойынша пайыздық шығындар көлеміне пропорционалды есептеледі.

Қарыздар бойынша шығындар

Топ белгілі бір активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге байланысты, ол активті пайдалану немесе сату үшін айтарлықтай ұзақ уақыт қажет болатын жағдайларда, тікелей қатысты қарыздар бойынша шығындарды осы активтің бастапқы құнына капитализациялайды. Қалған қарыздар бойынша барлық шығындар олар туындаған кезеңде шығын ретінде танылады. Қарыздар бойынша шығындар – бұл пайыз төлемдері мен қарыз қаражаттарын тартумен байланысты басқа шығындар.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Бағалаулы міндеттемелер**

Бағалаулы міндеттемелер танылады, егер Топтың бұрынғы оқиғалар нәтижесінде туындаған нақты міндеттемесі (занды немесе тәжірибеге негізделген) болса; бұл міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайдалардың шығуы ықтимал болса және мұндай міндеттеменің сомасын сенімді бағалау мүмкін болса. Егер Топ бағалаулы міндеттемелердің бір бөлігін немесе барлығын өтеу мүмкін деп есептесе, бұл өтеу сомасы жеке актив ретінде танылады, бірақ тек өтеудің даусыз екендігіне сенімділік болған жағдайда ғана. Бағалаулы міндеттемеге қатысты шығын, егер бар болса, өтемақыны шегерумен жиынтық табыс туралы есепте танылады. ХҚЕС (IAS) 37.14, ХҚЕС (IAS) 37.53, ХҚЕС (IAS) 37.54 Егер ақшаның уақыттық құнының әсері елеулі болса, бағалаулы міндеттемелер салыққа дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, бұл мөлшерлеме, қажет болған жағдайда, міндеттемеге тән тәуекелдерді де қамтиды. Дисконттау қолданылған жағдайда, уақыт өте келе бағалаулы міндеттеменің өсуі қаржыландыру шығындары ретінде танылады.

Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім

Автожолдарды қайта жаңарту бойынша сенімгерлік басқару шарттары

Топ автомобиль жолдарының учаскелеріне сенімгерлік басқару шарттарын жасайды (*1-ескерту*).

Шарттарға сәйкес Топ қайта жаңарту жұмыстарын ұйымдастыру және басқару бойынша қызмет көрсетіп, кейінірек ақылы қозғалысты ұйымдастыру және объектілерді пайдалану міндетін алады. Топ жол учаскелерін қайта жаңартуды ұйымдастыру және басқару қызметтерімен байланысты шығындарды өтеуге құқылы.

Ақылы жолдарды сенімгерлік басқару шарттары

2013 жылғы 30 мамырда Топ пен ҚР ҚМЖК және ҚР КМАЖТ (бұдан әрі – «Принципал») арасында «Астана–Щучинск» республикалық маңыздағы автомобиль жолы учаскесін 10 жыл мерзімге кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы алғашқы шарт жасалды.

Сенімгерлік басқаруға көлік құралдарынан төлем алу, күтіп-ұстау, ағымдағы жөндеу жұмыстарын қамтиды.

Кейінгі жылдары Топқа көлік құралдарынан төлем алу үшін басқа жол учаскелері де сенімгерлік басқаруға берілді (*1-ескерту*). Сенімгерлік басқару объектісін беру меншік құқығын беруді көздемейді.

Шарт Топқа ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің атынан көлік құралдарынан жол жүру ақысының алынуын ұйымдастыру, сондай-ақ автомобиль жолдарын күтіп-ұстау мен ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тартылған үшінші тұлғаларға жұмсалған шығындарды өтеуге құқық береді. Сондай-ақ, Топ өз күшімен жүзеге асырған күтіп-ұстау жұмыстарына байланысты, тәуекелді өз мойнына ала отырып, шығындарды өтеуге құқылы.

Түсім

ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» стандартына сәйкес, Топ келесі қызметтерді көрсету бөлігінде өзін агент ретінде қарастырады:

- халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді және ұстауды ұйымдастыру, оның ішінде жолдарды қайта жаңарту бойынша сенімгерлік басқару шарттары мен мемлекеттік тапсырманы орындау немесе тартылған инвестициялар есебінен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберіндегі қызметтер;
- ақылы автомобиль жолдары бойынша жол жүру ақысын жинау және олардың жұмысын ұйымдастыру (жолдарды ұстау және жөндеу).

Толық сипаттама *17-ескерту*де ұсынылған.

Топ агент ретінде қызмет көрсеткен кезде түсімді уақыт барысында, қызметтер көрсетілген сәтте таниды.

Автомобиль жолдарын салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді және ұстауды ұйымдастыру бойынша қызметтер үшін түсімді тану мақсатында аяқталу кезеңі ай сайын Топпен осы қызметтерді орындауға жұмсалған шығындар негізінде бағаланады. Топ бұл әдісті орынды деп есептейді, өйткені ай сайын Принципалға халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді және ұстауды ұйымдастыру бойынша қызметтерге қатысты басқару және операциялық шығындар негізінде шот-фактура ұсынады. Бұл қызметтер мемлекеттік тапсырманы орындау немесе тартылған инвестициялар есебінен жүзеге асырылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім (жалғасы)***Түсім (жалғасы)*

ХҚЕС (IFRS) 15 стандартына сәйкес, Топтың бағалауынша, халықаралық және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы жолдарды салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді және ұстауды ұйымдастыруға арналған барлық қолданыстағы шарттарда бір ғана орындалуға жататын міндеттеме бар – бұл жолдарды салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді немесе ұстауды ұйымдастыру және басқару қызметтері.

Ақылы жолдардың жұмысын ұйымдастыру бойынша сенімгерлік басқару шарты екі орындалуға жататын міндеттемені қамтиды. Ол – жол жүру ақысын жинау және жолдарды ұстауды ұйымдастыру. Бұл шарт бойынша шығындарды өтеу жол жүру ақысын жинау нәтижесінде алынған ақшалай қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Барлық шарттар бойынша түсім тек мына жағдайда танылады – егер танылған жинақталған түсім сомасының едәуір азаюы ықтимал емес екеніне аса жоғары сенімділік болса. Қолданыстағы шарттарда елеулі қаржыландыру компоненттері жоқ, себебі уәде етілген өтеу сомасы мен уәде етілген қызметтердің ақшалай бағасы арасында айырма жоқ, сондай-ақ міндеттемені орындау мен төлем уақыты арасындағы мерзім мардымсыз.

Жолдарды салу, қайта жаңарту және жөндеуді қаржыландыруға арналған алдын ала алынған аванстар мен ҚР ҚМЖК мен ҚР КМАЖТ атынан жасалған шарттар бойынша орындалған міндеттемелер нәтижесінде қалыптасқан ұзақ мерзімді дебиторлық берешек елеулі қаржыландыру компонентін қамтымайды, себебі Топ өз қызметін агент ретінде жүзеге асырады және өз қызметтері үшін таза түрде алынатын өтемақыны түсім ретінде таниды.

Топтың комиссиялық сыйақылары мен тікелей шығындарын өтеу

Алынған комиссиялық сыйақыларға қатысты Топ шарттар бойынша негізгі операцияларды жүзеге асыруда өзін агент ретінде қарастырады (4-ескертпе). Алайда, басқарушылық қызметпен тікелей байланысты шығындар шеңберінде Топ өзін принципал ретінде қарастырады – бұл, мысалы, жолдарды өз күшімен ұстау бойынша шығындар, мұнда заңнамаға сәйкес Топ барлық тәуекелдерді өз мойнына алады. Бұл шығындар да қолданыстағы шарттар аясында ҚР ҚМЖК мен ҚР КМАЖТ тарапынан өтелуге жатады. ХҚЕС (IFRS) 15 стандартына сәйкес, Топтың агент немесе принципал ролінде әрекет ететіндігін анықтау – тауарлар мен қызметтерді сатып алушыға дейін бақылауында ұстау-ұстамауына байланысты.

Болашақ кезеңдердің кірістері

Топ банктік несиелер шарттары шеңберінде ұйымдастыру және резервтеу үшін комиссияларды төлеуге арналған ақшалай қаражат түрінде ҚР ҚМЖК МЕН ҚР КМАЖТ өтемақы алады. Бұл өтемақы болашақ кезеңдердің кірістері ретінде есепке алынады және банктік несиелерді пайдалану мерзімі ішінде түзусызықты әдіспен пайда мен залал туралы есепте басқа кірістер құрамында танылады.

Табыс салығы

Жылдық табыс салығы ағымдағы табыс салығы мен кейінге қалдырылған табыс салығынан тұрады.

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы кезеңге есептелетін табыс салығы бойынша салықтық активтер мен міндеттемелер – салық органдарына төленуге немесе солардан қайтарылуға тиіс сома бойынша бағаланады. Бұл сомаларды есептеу кезінде есепті күнге Қазақстан Республикасында қолданылатын немесе заң жүзінде бекітілген салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы пайдаланылады.

Топ басшылығы салық декларацияларында көрсетілген позицияларды, салық заңнамасын әртүрлі түсіндіру мүмкіндігіне байланысты, мерзімді түрде қайта қарап, қажет болған жағдайда резервтер жасайды.

Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған табыс салығы баланстық әдіс арқылы есептеледі. Бұл әдіс – активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың қаржылық есеп максатындағы баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтарды анықтауға негізделген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЫСАНДАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Табыс салығы (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған табыс салығы (салығы)

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтар бойынша танылады, келесі жағдайларды қоспағанда:

- уақытша айырмашылық актив немесе міндеттеме бастапқыда танылған кезде пайда болса және бұл операция бухгалтерлік табысқа да, салық салынатын табысқа да әсер етпесе;
- еншілес компанияларға салынған инвестициялармен байланысты уақытша айырмашылықтар бойынша – егер бұл айырмашылықтың азаю уақытын бақылауға болады және оның жақын болашақта азаю ықтималдығы төмен болса.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер барлық шегерілетін уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер және салықтық шығындар бойынша танылады, егер оларды болашақтағы салық салынатын табыспен өтеу мүмкіндігіне елеулі сенімділік болса. Ерекше жағдайлар:

- актив немесе міндеттеме бастапқыда танылған кезде пайда болатын шегерілетін уақытша айырмашылықтар бухгалтерлік те, салықтық та табысқа әсер етпесе;
- еншілес компанияларға инвестициялармен байланысты уақытша айырмашылықтар бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер – егер бұл айырмашылықтарды болашақта пайдалану мүмкіндігі жоғары және оларға қарсы қойылатын жеткілікті салық салынатын табыс болса ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің баланстық құны әр есепті күні қайта қаралып отырады және егер оларды толық немесе ішінара өтеу үшін жеткілікті салық салынатын табыс болмайды деп бағаланса, ол сома төмендетіледі.

Танылмаған кейінге қалдырылған салықтық активтер де әр есепті күні қайта қаралады және болашақта салық салынатын табыс бұл активтерді пайдалануға мүмкіндік береді деген сенімділік пайда болған жағдайда олар танылады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер оларды өтеу немесе іске асыру жоспарланған есептік кезеңге қолданылатын салық мөлшерлемелерімен бағаланады. Бұл салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы есепті күнге қабылданған немесе іс жүзінде бекітілген болуы керек.

Кейінге қалдырылған табыс салығы, егер ол табыс немесе залал құрамында танылмаған баптарға қатысты болса, тиісті түрде – өзге жиынтық табыс немесе капитал құрамында танылады.

